



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№26 (10 177)

7 шілде

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

Елордамызға - 25 жыл!

Аудан әкімі Тынышбаев Берік
Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы



Сіздерді Елордамыз Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық көрегендігімен бас қала атанған, ажары кіріп, айбыны асқақтаған Елордамыз бүгінгі күні еліміздің бойтұмарына айналды, тұрақты дамудың, өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті. Қазіргі Елордамыз - саяси көшбасшылар, іскери серіктестер мен инвесторлар, діндер мен конфессия өкілдері, зиялы қауымның кездесіп, кеңес құратын орны, шығармашылық жоспарларды, инновациялық идеялар мен батыл бастамаларды жүзеге асыру алаңы.

Құрметті жерлестер!

Астана мерекені жаңа жетістіктермен, тың күшпен, шалқар шабытпен қарсы алып отыр. Біздің жас та көркем, қадамы нық қаламыздың жыл өткен сайын маңызы артып, мәртебесі өсе түсуде. Қай - қайсымыз да Елорданың тарихымен, дәстүрімен, мәдениетімен және қайталанбас қолтаңбасымен мақтанамыз.

Баршаңызды осы қуанышты мереке күнімен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, бейбітшілік пен молшылық тілеймін!



Сіздерді шын жүректен аудандық мәслихат депутаты атынан Астана күнімен құттықтаймын.

Бүгінгі таңда елдің төрі - Елордамыз барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік мекеніне айналды. Астанамыз - қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік - экономикалық өсіп

- өркендеудің айқын дәлелі. Сарыарқа төсінде қоныс тепкен алып шаһарда әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, пікір алмасады, тарихи маңызы зор шешімдерді қабылдайды. Елдің мақтаншы саналатын көкке ұмтылған бірегей, зәулім ғимараттар жүрегімізді тебірентеді, мерейімізді тасытады. Елорданың заманауи келбетіне шетелдік қонақтар таңданыспен қарауда. Астана ТМД бойынша ең қолайлы, ғажайып қала ретінде танылды. Бұл біздің ортақ жетістігіміз.

«Елордамыз - отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тірегі». Егер біз бабаларымыздың қанымен келген тәтті сыйымыз тәуелсіздікті ұлы жетістігіміз деп есептесек, Елордамыз соның ең асқақ жемісі. Ол - қазақ деген абыройлы елдің атағын асқақтата түскен биік қамал, тәуелсіздіктің символы. Ол - отанымыздың жүрегі, бейбіт елдің баға жетпес байлығы. Астана күніне орай құттықтауымды қабыл алыңыздар! Жарқын қаламыз одан әрі өркендей берсін, қуанышқа толы мереке күні Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Бейбіт Жаңылысұлы СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы.

ТАЛАБЫ ІРІ - ДАЛА КҮНІ



Ақсу ауданында ауылшаруашылығын дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Қант қызылшасын өсіруді оңтайландырып, өнімділікті арттыруға айырықша көңіл бөлініп отыр.

Бүгін Б.Сырттанов ауылында «Әлихан» шаруа қожалығында «Тәтті түбір - жөне оны өсіру технологиясы мен аталған дақылды зиянды организмдерден қорғау схемасы» тақырыбында Дала күні өтті. Айтулы шара «Август - Қазақстан» ЖШС ұйытқы болуымен ұйымдастырылды.

Шаруаларға қатысты арнайы ұйымдастырылған шараға қатысқан Жетісу облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Кенебаев Нұрәулет Сағадиұлы Жетісу облысында шаруаларды қолдауға баса көңіл бөлінуде, осы жылы облыс әкімдігінің қолдауымен шаруаларға арзандатылған дизель отынын, қант қызылшасының тұқымын алуға көмек көрсетіліп, қант зауыты тарапынан көктемгі дала жұмыстарына гектарына 100 мың теңгеден қаражат берілді.

Ұйымдастырушылар «Август - Қазақстан» ЖШС «Әлихан» шаруа қожалығындағы қант қызылшасы алқабында өз өнімдерімен жүргізген тәжірибелерімен бөлісіп, алқаба қолданылып жатқан препараттардың нәтижелеріне тоқталды. Арнайы мамандар тәтті түбірді өсіру кезінде қанша тыңайтқыш қолдану керектігі, қай кезеңде қандай препарат шашу қажеттігі жайлы ақпарат берді.

Сонымен қатар шара барысында «Август - Қазақстан» ЖШС серіктестері «СТ АГРО» өкілдері өз техникаларынан көрме қойды. Қант қызылшасын өсіруде қолданылатын жаңа агрегаттар шаруаларға таныстырылып, жаңа технологияның мүмкіндіктері көрсетілді.

Айта кету керек биылғы жылы Ақсу ауданында 1200 гектар тәтті түбір егілді.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.



БАСПАСӨЗ - 2023

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар!

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылдық жазылу бағасы - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

ҮШ ТАРАПТЫҢ КЕЗДЕСУ



Жетісу облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының еңбек қатынастарын бақылау бөлімінің бас маман еңбек инспекторы Әбішев Шыңғыс Жанайдарұлы арнайы ауданымызға іс - сапармен келіп, аудан тұрғындарымен кездесті. Кездесуге округ әкімдері мен округтердегі шаруа қожалық жетекшілері мен ауыл еңбеккерлері қатынасты. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары К.Т.Дәулетбекова жүргізіп отырды.

Шыңғыс Жанайдарұлы алдымен өзін таныстырып, мемлекеттік еңбек инспекциясының негізгі міндетін ашып айтты. Яғни, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларын сақтау бойынша бақылау, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау, соның ішінде: қауіпсіз жағдайларда еңбек ету құқықтары, еңбекті қорғау, заңсыз жұмыстан шығару, қысқарту жағдайларын болдырмау, уақытылы жалақыларын алуларына бақылау жасау екенін жеткізді.

Еңбек заңнамасы бұзылмауы үшін алдымен еңбек келісімшарты қолыңызда болсын.

— Еңбек келісімшарты - қызметкер мен жұмыс беруші арасында жасалған шарт. Екеуара міндеттері мен құқықтарын айқындайды. Ол міндетті түрде жасалуы керек және бір данасы қызметкердің қолында болуы тиіс, - дейді Шыңғыс Жанайдарұлы.

— Бұл - екі тарап арасындағы келісімнің дәлелі. Ертең жұмыс беруші өз міндетін орындамаса, осы келісімшартты негізге ала отырып, әр тарап өз құқығын қорғайды.

Еңбек шарты екі тарапқа да пайдалы. Қазір «Енбек.kz» парталы арқылы электронды шарт жасауға болады. Осы тақырыпта алдағы уақытта кеңінен тоқталатын боламыз. Қатысушылар сұрақтарын қойып, жауаптар алды.

Ербол СЫМХАНОВ.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ЖӘРМӨҢКЕСІ



Аудан көлемінде прокуратураның ұйымдастыруымен «Құқықтық көмек жәрмеңкесі» өткізілді.

Аталған жәрмеңкеге аудан әкімшілігінің жер қатынастары және ауылшаруашылығы, архитектура және құрылыс, білім бөлімі, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, ветеринария бөлімі және «Ақсу су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мекемесінің басшылары және аудандық полиция бөлімінің әкімшілік және жергілікті полиция қызметі тобының басшылары, әкімшілік практика инспекторы, «Ақсу аудандық орталық ауруханасының» қызметкерлері қатысты.

Аталған жәрмеңке барысында тұрғындар жер мәселесі, грантқа өткізілетін құжаттар мен өткізу тәртібі, шаруа қожалыққа жұмысшыларды тіркеу мен оларға еңбекақы төлеу тәртібі, соттылықты алып тастау мәселелеріне қатысты сұрақтарын қойып, әр сұраққа тиісті жауаптары берілді.



ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

«Күйді ұқпаған кісілер сөзді ұға ма, өзің айтшы, домбыра?!», – деп ақын жырлағандай, бұл күн – ұлттық құндылықтарымызды ардақтап, терең тамырымызға ой жүгіртетін шуақ пен шаттыққа бөленген мереке. Қазаққа қиындықта сүйеу, қуанышта көңіл қанаты болған қара домбыраның қоңыр үні – қанымызда, бебеулеген сарыны – санамызда сақталған, ұлттық кодымызда таңбаланған. Сондықтан шанағынан шамырқанған күй тәгілсе, елең етпейтіміз жоқ. Жоралы жұртымыздың қатпар - қатпар тарихынан, асу да асу кезеңінен сыр шерткен күй - толғау, сыңғырлы сұлу өн - әуен құлағымыздан кетпесін, халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – домбыра төрімізден түспесін! Биыл бесінші рет салтанатпен аталып өтетін «Ұлттық домбыра күні» бұрынғысынан да ерекше болды. Кешкі салқынмен, әдемі әуенді естіп алаңға жиналған көпшілік аудан өнерпаздарының өнерін тамашалады. Салтанатты шараның шымалдығы әр ауылдан келген 120 адамнан тұратын оркестр құрылып, мәдениет қызметкерлерінің орындауындағы Құрманғазының күйі «Балбырауынмен» ашылып, Әбдімомын Желдібаевтың «Еркесылқым» күйімен аяқталды.

Аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы жиналған көпшілікті «Ұлттық домбыра күні» мерекесімен құттықтады. Домбырамен дәстүрлі өндерді шарықтатып, ұлттық ойындар ойнатылып, сыйлықтар таратылды. Бұқа тартыстан жеңіске жеткен ауыл азаматы қазіргі күннің ыстығында пайдасы тиетін үлкен желдеткішке ие болы.

«Молықбай Байсақұлы» атындағы мәдениет үйінің қызметкері Қали Қапар «Дрмбырасыз өн қайда» әнін әуелетсе, «Сағабүйен саз мектебі» мен И.Исабаев атындағы «Өнер мектебінің» күйшілері «Күй тартыс» жасады. Күйші Рақым Тәжібаев атындағы Сағабүйен мәдениет үйінің қызметкерлері Сейсен мен Раушан отбасылық өнерлерін көрсетсе басқа да өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды. Соңында жастарға арналып би кеші болды.

**Гүлназ ЖҮНІСБЕК,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының
11 "Б"-сынып оқушысы.**



АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Аудан прокуратура-сында «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, аталған шараға аудан көлемінде орналасқан «Е.Сықимов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернаты» мен «Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының 10-11-сынып оқушылары қатысып, прокуратураның қызметі мен оның атқаратын жұмыстарының бағыттары түсіндірілді және оқушылардың қойған сұрақтарына жауаптар берілді.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ.**



Аудан тұрғындарының назарына!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМА-СЫН ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚСІНЕ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫМЕН КЕЛЕСІ СИПАТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ:

1) Тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеуді арыз беру сипатынан анықтау сипатына көшу.
ӨҚБтК-нің 64-бабындағы түзетулер жөбріленушілердің өтінішінсіз (яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік береді. Түпкілікті шешімді сот қабылдайды.

2) Тараптардың қайта татуласу мүмкіндігін болдырмау. Енді сотта тек бірреттатуласуға болады;
3) ӨҚБтК-нің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін (73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-бап,

669-баптың 2-бөлігі, 669-баптың 3-бөлігі) әкімшілік қамауға алу мерзімдері айқындалды. (бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеуді алып тасталды 10, 15, 20 тәулікке қамауға алу қалдырылды), сондай-ақ қайталанған құқық бұзушылықтар бойынша 25 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу мерзімі ұзартылды.

Бұл өзгерістер 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

АҚСУ АУДАНЫ АҚСЫ.

Мен Сүлейменов Әділжан Бақытжанұлы Қызылту ауылы Ақсу ауданы Талдықорған облысында 1983 жылы 28 шілдеде дүниеге келдім. Ұлттым қазақ.
1990 жылы Қызылту ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебіне қабылданып, 2000 жылы орта мектепті аяқтадым.
2000 жылы Алматы қаласындағы Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық Университетіне түсіп, 2006 жылы «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын алып шықтым.
2006 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери борышын «кіші сержант» әскери атағымен 2007 жылдың 22 қазан күні өтеп келдім.
2008 жылдан бастап ТОО «KOTTER GROUP» компаниясында генералды директоры қызметін атқардым. 2017 жылы өз қалауыммен жұмыстан шықтым. 2017 жылдың қыркүйек айында «Ақсу ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқардым.

БАРЛЫБЕК СЫРТТАНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СҮЛЕЙМЕНОВ ӘДІЛЖАН БАҚЫТЖАНҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман есепші қызметін атқарып жүрмін.
2013 жылы Сәрсенова Жанар Төреқанқызымен некеге тұрдым. Сәрсенова Жанар Торекановна 1987 жылдың 11 ақпанында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарады.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА
Күрметті, ауыл тұрғындары! Маған сенім артсаңыздар және Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімі лауазымына сайласаңыздар, мен жас және тәжірибелі маман ретінде ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста және ауыл тұрғындарының әлауқатын, тұрмыс-деңгейін көтеруге бағыт аламын.
Ең алдымен:
- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары,

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін жүзеге асыру шараларын жасау және олардың орындалуын қамтамасыз ететін;
- «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу, ауылшаруашылық және кооператив санын көбейту бағытында жұмыстар жүргіземін;
- Ауылымыздан түлеп ұшақпен беделді және дәулетті азаматтарымен бірігіп ауылымыздың көркеюіне және мәдени спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға тікелей ықпал ететін;
- Округте басты бағыт мал шаруашылығы және егін шаруашылығы және мал шаруашылығы одан әрі дамыту бағытында округтегі ірі қара мал-дарды асыл тұқымды бағытына ауысуына барынша атсалысамын. Егін шаруашылығын заманауи агротехникалық бағытта дамуына жұмыс жүргіземін және халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс бағытта пайдалануын қадағалаймын;
- Жергілікті қоғамдық кеңесімен кеңесе отырып, ауылдың өзекті мәселелерін шешуді ұйымдастырамын;
- Өзім жас болғандықтан жастарға патриоттық тәрбие беру, ауыл тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жұмыс жүргіземін;
- Округ көлемінде тиісті салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақытылы жинауды жүргіземін;
- Округ ішінде санитарлық тазалықты, көше жарығы, білім және медицина салаларының жұмысының дұрыс жүруін бақылауға аламын;
- Азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын уақытылы қарап шешуді ұйымдастырамын.

Әрқандағы өзінің Астанасы

Мемлекеттігіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі

Қазақстан – ежелгі ел, бірақ әлемнің қазіргі картасынан ол таяуда ғана, яғни, 1991 жылы орын алды. Біздің Отанымыз – егеменді, тәуелсіз Қазақ мемлекеті. Жүз жиырмадан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған Алатаулы өлкеде, кеңшілігі керемет, дархан дастарқандай далада, егін теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады!

Еліміз Егемендік алған жылдардан кейін көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Өз тарихымыз, салт-дәстүріміз зерделеніп, жинақталған, кең мағыналы кітаптар, әдеби зерттеулер жарық көре бастады. Қазақстан Республикасы экономикасы, әлеуметтік тұрмысы тұрақты дамып келе жатқан Орта Азиядағы беделді мемлекеттер қатарына қосылды.

Бұл жерді мекен еткен көшпелілер мен отырықшылардың бір – бірімен шендескен әлемі ғасырлар қойнауында талай- талай ұлыстар мен ұлағаттарды дүниеге әкеліп, мәдениетті мен діни жаңғыра түлеп, әйгілі күре жолдардың үстінде саудасы қызып, Шығыс пен Батыс арасы тұтастанып жататын болған. Біздің еліміздің жерінен Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өтіп жатқан «Ұлы Жібек жолының» керуендері тоғысқан кіндік Азияны басып өтетін Қазақстандық телімі болған.

Қазақстанның табиғаты таңғажайып: мұнда аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, ақ жал толқандары асау арғымақтардай көкке шапшыған шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, арналы өзен, ну орманды көруге болады.

Қазақстан картасы – қазына картасы қазір. Даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы. Қазынаның барлығы да қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі айтпай- ақ біледі.

Дегенмен, жер бедерінде, негізінен, жазық далалы, шөлді және шөлейт аймақтар басым. Олардың арасында Сарыарқа мен Үстірт, Тұран ойпаты мен Батыс Сібір ойпаты, Мойынқұм мен Бетпақдала ұлы өңірлері бар. Таулы аймақтар республиканың онан бір бөлігін алып жатыр. Оларға Алтай, Жоңғар Алатауы және Тянь-Шань тау жоталары кіреді. Ірі өзендер: Ертіс, Есіл, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығыда орналасқан. Қазақстан батыста, солтүстік – батыста және солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте, оңтүстік-батыста Орта Азия республикалары Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығыста және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы – 13034 км. Қазақстан аумағының көлемі – 2 млн. 714,9 мың шаршы км. Оған Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері түгел сыйып кетер еді. Міне, қазақ даласы – кең байтақ! Қазақстан жер көлемі жөнінен Ресей, Қытай, АҚШ, Австралия мен Үндістаннан кейін алтыншы орын алады. Сондығынан ғой, күмбір – күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда – «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы – күншілік,» — деп толғаған.

Дала төсінде жаңа өмір шуағын төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампоз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіңдей.

Бүгінде Қазақстанның негізгі ұлтын қазақ халқы құрайды. Одан кейін славян халықтарының өкілдері орыс және украин халықтары. Сонымен қатар ең елеулі этносты құрайтындар өзбек, немістер және татар халықтары. Осы біздің елдегі халықтар басын



біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжат бар. Ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз.

Бүгінгі Қазақстан — өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстанның ең бірінші астанасы 1920 жылы Орынбор болған. 1925 жылы астана Қызылордаға көшті. Түркістің салынғанына байланысты астана Алматыға көшті. Заң түрінде бұл оқиға 1927 жылдың 3 – ші сәуірінде болды, шындығында көшу 1929 жылы болған. Алматыдан астананы көшіру экономикалық, экологиялық, географиялық мақсатпен болды.

Бүкіл Қазақстан бойынша әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, ауа райы, жер бітімі, сейсмикалық жағдай, қоршаған ортасы, инженерлік және көлік инфрақұрылымы, құрылыс кешені, еңбек ресурстары және т.б. көрсеткіштер бойынша Ақмола қаласы ең лайықты болып шықты. Ақмоланың тарихы 1830 жылдан бастап, яғни Қарауыткөл алқабында Ақмола бекінісі салына бастаған кезден басталады.

Ақмола – Есіл өзені жағасындағы Ақмола округінің Сібір қазақтарының негізгі қаласы болған. XIX ғасырда да Ақмола сол кездегі сауда – экономикалық орталығы болды. 1863 жылдың 16-шілдесінде Ақмола ашық түрде округтік қала болып саналды. 1868 жылдың қазанында “Орынбор және Батыс Сібір генерал губернаторлығының уақытша басқару жағдайына” байланысты Омбы орталығымен Ақмола облысын тудырды.

Ол кездерде Омбы Батыс Сібір генерал – губернаторлығының орталығы болған. Ақмола облысының солай аталуы орталықты Ақмолаға көшіру туралы болжамдар бар. Бұл болжам 1879 жылы генерал – майор Дубельт МПС Ресейде Түмен –Ақмола темір жолының салынуы туралы проект қорғауына байланысты расталған. Ең ірі өзендері – Есіл, Нұра, көлдері – Теңіз, Қарасор, Қорғалжын, Балықтыкөл, Қыпшақ т.б.



Өзін мекені мәктәнімі!



Жануарлар әлемі: 55 сүтқоректілер түрі, 180 құстар түрі, 30 балықтар түрі. Сирек кездесетін түрлері – арқарлар, бүркіттер, дрофтар, тырналар, жазық қырандары, пеликандар, қоқиқаздар – Қызыл кітапқа енген. Оларды қорғау үшін Қорғалжын мемлекеттік қорығы құрылды. Облыста өсімдіктің 66 түрі өседі. Жасыл әлемінің аумағы 4391,6 га. Оның жер қойнауында алтын, уран, сүрме, боксит, мыс, қоңыр көмір, кварц құмдары және т.б пайдалы қазбалары бар.

Астананың көптеген көрікті жерлері бар. Ол біріншісі – «Астана – Бәйтерек» кешені болып табылады. Есілдің сол жағында бой көтерген алғашқы сәулет туындысы. «Бәйтеректі» «өмір ағашы» деп те атайды. Бұл сәулет туындысы халық ертегісі «Ер Төстіктің» оқиғасы желісімен өрілген. Естерінде болса, өз бақытын іздеп шыққан Ер Төстік қиын-қыстау заманда зәулім бәйтерекке тап болады. Ұшар басына көз жетпейтін мәңгілік өмір ағашына таң-тамаша қалады. Нақ төбесіне де ұя салған самұрақ құстың алтын жұмыртқасына ие болады. Сөйтіп, бақытты – баянды ғұмыр кешеді. Мәңгілік өмірді жер жаһанға жария етіп тұрған «Бәйтерек»- Бас қаламыздың символы. «Астана-Бәйтерек» үш бөліктен – тамыры, діңі және ұшар басынан тұрады. Үш бұрышты күміс тұмар даму үрдісіндегі өміршендікті білдіреді. Керемет құрылыс. Астананың қасиетті белгісі болып табылады. 97 метр биіктікте көрініс алаңы орналасқан, сол құс ұшатын ұядай жерден бой көтеріп келе жатқан Астананың көрінісін көруге болады.

Келесі көрікті жерлері «Думан» ойын-сауық кешені – күмбезді кеңістік, океанарум, кинозалдар. Күмбезді залда Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Ұлы Қытай қабырғасы, Галикарнас кесенесі, Бостандық ескерткішін және т.б көруге болады.

Керемет акваатрда қызықты көл шоуын және қастарындағы жыртқыш балықтарды бақылауға болады. Кинозалда мықты дыбыс пен арнайы дайындалған көз әйнектер арқылы экранда болып жатқан оқиғаның ортасында тұрғандай сезінесіз.

Келесі көрікті жері ол Елбасының мәдени орталық мұражайы болып табылады. Мұражайда көне замандағы хандықтардың құрылуынан бастап Қазақстанның Егемендігін алғанға шейінгі уақытты қамтиды.

Содан кейін «Қазақстан картасы — «Атамекен» этно-мемориалдық кешені. Ашық аспан астындағы бұл мұражайда Қазақстанның барлық 14 облыс-тары, Астана және Алматы қаласының объектері кішкентай макет ретінде жасалған. Карта мамыр айынан бастап қазан айына дейін ашық.

Содан кейін әуенді фонтандар бағы болып табылады. Кең бақ сол жағалауды екіге бөледі. Бұл саябақ үш деңгейлі көрме құрылысынан және 2 павильоннан құрылған. Әйнектелген өтулер, ашық көрмелер, жасыл газондар, түрлі түсті жолдар, әуенді фонтанды қоршаған үлкенді кеселер.

1994 жылдың алтыншы шілдесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Қаулы шығарды. Бұған қаланың геосаяси жағдайы, көлік және телекоммуникация құрылымы, астана өркендеуі үшін жеткілікті бос жердің болуы себеп болды. Қазақстанның 319 мың тұрғыны бар қаласы елдің елордасына айналды. 1997 жылы қаланың ауданы 258 шаршы шақырым болды.

1998 жылдың алтыншы мамырында Қазақстан Республикасының Президентінің Қаулысы бойынша Ақмола атауы Астана болып өзгерді. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Қазақстанға медаль және «Әлем қаласы» жоғары атағы берілді. Бүгінде Астана – саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі кездесулер өтетін еуразия кеңістігінің орталығы болып саналады.

Астананың көрікті жерлеріне "фотосаяхат"

Елордамыздың көз тартарлық көріністерін тамашалағыңыз келсе, бұл "фотосаяхат" сіздерге арналған Астананың ең көрнекті жерлері.

Есілдің жағасы. Мұнда барлығы – жастар, зейнеткерлер, бір-біріне ғашық жандар, спортшылар, музыканттар, балықшылар, туристер келеді. Жағалауда көз тартатын көріністерді тамашалап, суретке түсіп, Есілде шағын кемемен жүзуге болады.

«Бәйтерек» монументі Астананың жергілікті тұрғындарының өзі ешқашан көрмеген немесе оған өзге қалалардан келген туыстарын қыдырту үшін өмірлерінде «бір-ақ рет барған» деген пікір қалыптасқан.

«Бәйтерек» монументі – мегаполистің ең басты көрнекті орындарының бірі. 1997 жылы ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшірудің символы ретінде елбасының бастамасымен салынған.

«Хан-Шатыр» ойын-сауық орталығы әлемдегі ең үлкен шатыр ретінде белгілі. Бұл жерде көптеген бутик, мейрамхана, дәмхана, кинотеатр, балалар алаңы, тіпті жағажайға дейін бар.

Халық арасында «пирамида» аталып кеткен Бейбітшілік және Келісім сарайы Әлемдік және дәстүрлі діндер құрылтайын өткізу үшін арнайы салынған.

«Думан» сауық орталығының океанариумы мұхиттан 3000 шақырымда орналасқан.

Соған қарамастан, келушілер көк айдынды мұхиттағы көптеген экзотикалық балықтар, теңіз тасбақалары, жұлдызшалары мен т.б. қызықтай алады.

Балаларыңыз немесе өзіңіз акробат, клоундар мен үйретілген жануарларды қызықтамақ болсаңыздар, астаналық цирктің есігі сіздер үшін айқара ашық.

Қаланың енді ғана бой көтеріп келе жатқан бөлігінен Қазақстандағы ең алғашқы Салтанатты арка - «Мәңгілік Елді» көруге болады. Ол Орынбор мен № 25 көшелер қиылысында орналасқан. Биіктігі – 21,5 м, ені - 13 м.

Қазақстанның Ұлттық музейі. Сіз бұл жерден өлкеміздің тек өткені ғана емес, келешегі туралы да біле аласыз.

Астананың тағы бір архитектуралық «маржаны» – Өзирет Сұлтан мешіті.

«Нұржол» бульвары Астананың сол жағалауындағы «Хан-Шатыр» ойын-сауық орталығынан бастау алып, Ақордаға дейін алып барады.

Бұл жер – Қазақстан астанасының ерекше орындарының бірі. Мұнда әдемі әуенге «мың бұралып билеген» фонтандар мен көкке бой созған бизнес орталықтар бар.

Ал шынайы өнерсүйер қауым үшін «Астана Опера» опера және балет театрының зәулім ғимараты қонақтарын ерқашан асыға күтеді.



